




МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ



mmgpress



mangistaumunaigaz_jsc



mmginfo

№12 (194), ЖЕЛТОҚСАН, 2025



Oil Services
Company



Oil
Construction
Company



MANGISTAU ENERGO MUNAY
ақпараттық-информациялық-тарихи және ғылыми-техникалық журнал



Ойл Транспорт Корпорейшэн



«ЖЕТІБАЙМҰНАЙГАЗ»
«ҚАЛАМҚАСМҰНАЙГАЗ» ӨБ



ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР, ҚАДІРЛІ МҰНАЙШЫЛАР!

Сіздерді келе жатқан Жаңа 2026 жылмен шын жүректен құттықтаймыз.

Жаңа жыл – өткен кезеңге қорытынды жасап, алдағы мақсаттарды айқындайтын, жаңа жетістіктерге жетелейтін мерейлі мереке. Өтіп бара жатқан жыл Мемлекет басшысының бастамасымен «Жұмысшы мамандықтар жылы» ретінде белгіленіп, осы ауқымды бағдарлама аясында елімізде, соның ішінде компаниямызда да еңбек адамының мәртебесін көтеруге бағытталған бірқатар мазмұнды іс-шаралар жүзеге асырылды. Қарапайым еңбек адамын қадірлеу – «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның көп жылдан бергі берік ұстанымы.

2025 жылы қызметкерлердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын жақсартуға бағытталған «Жол картасы» аясында кен орындарында бірқатар жаңа нысандар пайдалануға беріліп, өндірістік және тұрмыстық инфрақұрылымдар күрделі жөндеуден өтті. Қауіпсіз әрі қолайлы еңбек жағдайын қамтамасыз етуге

бағытталған жұмыстар алдағы жылдары да жүйелі түрде жалғасатын болады. Сонымен қатар, 2026-2028 жылдарға арналған жұмыс беруші мен еңбек ұжымы арасындағы жаңа Ұжымдық шартқа қол қойылуы ұжым үшін маңызды әлеуметтік кепілдіктердің сақталғанын айқындайды.

Бүгінде «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ кәсіби білігі жоғары, ұйымшыл ұжымының арқасында өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосып келеді. Жаңа жыл қарсаңында барша әріптестерге адал еңбектері мен ортақ іске қосқан үлестері үшін шынайы алғысымызды білдіреміз.

Жаңа 2026 жыл ұжым үшін табысты жобаларға, жағымды жаңалықтарға және жаңа жетістіктерге толы болсын! Әрбір қызметкерге зор денсаулық, отбасыларына амандық, береке-бірлік тілейміз.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Басқармасы



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

СЕРІКТЕСТЕРДЕН ЖЫЛЫ ЛЕБІЗ



Құрметті әріптестер!

Өтіп бара жатқан жылға көз жүгіртсек, 2025 жыл «Oil Construction Company» ЖШС үшін жауапкершілігі жоғары, нақты нәтижелерге қол жеткізген жыл болды. Біз жері байлыққа толы, төріне құт дарыған қазыналы Маңғыстау түбегінің дамуына өз үлесімізді қосып, мұнай-газ саласының инфрақұрылымын дамыту жолында табанды еңбек еттік.

Кен орындарын игеру, өндірісті өркендету құбыр желілері, ғимараттар мен өндірістік нысандарсыз мүмкін емес. Осы ауқымды міндеттің салмағын серіктестігіміз бен ондағы әрбір қызметкер терең сезініп, үлкен жауапкершілікпен арқалап келеді. Ұжымның бірлігі мен кәсібилігінің арқасында біз күрделі жобаларды уақытылы әрі сапалы жүзеге асыра алдық.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша іске асырылған, өңір үшін

стратегиялық маңызы бар жобалардың бірі – Тоқымақ елді мекеніндегі теңіз суын тұщыту зауытының коммуникациялық-инженерлік инфрақұрылымын салуға үлес қостық. Осы сияқты маңызды өндірістік жобаларды жүзеге асыра отырып, қызметкерлер үшін қолайлы әлеуметтік-тұрмыстық жағдай жасауға да ерекше назар аудардық. 2025 жылы әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға 122 миллион теңгеден астам қаражат бағытталды. Ақтау қаласындағы әкімшілік кеңсе мен бақылау-өткізу пункті толық жаңартылды. Қаламқас пен Жетібай кен орындарындағы оқу кабинеттері мен бірқатар әлеуметтік нысандар да заманауи талаптарға сай қайта жабдықталды. Бұл – ең алдымен адам капиталына жасалған инвестиция.

2025 жыл біз үшін нарық пен заман талабына бейімделе отырып, күрделі жобаларды жүзеге асыру арқылы кәсіби әлеуетімізді тағы бір мәрте дәлелдеген жыл болды. Ұжымның біліктілігі, еңбекке деген адалдығы мен жауапкершілігі компанияның басты құндылығы екенін ерекше атап өткім келеді.

Ал есігімізден енгелі тұрған 2026 жыл бізге жаңа мақсаттар мен жаңа мүмкіндіктер әкелсін. Біз бірлесіп жұмыс істей отырып, ауқымды жобаларды жүзеге асырып, елімізді дамытуға, экономикамызда жоғары нәтижелерге қол жеткізуге дайынбыз.

Осы орайда баршаңызға және отбасыларыңызға зор денсаулық, амандық, бақ-береке тілеймін. Кәсіби жолда табыс пен жарқын жеңістер серік болсын. Бірлігіміз бекем, еңбегіміз жемісті болғай!

Жаңа жыл құтты болсын!

Дәурен Мұратбай
«Қазмұнайгаз» ҰК АҚ
Ақтау қаласындағы өкілдігінің
атқарушы директоры,
«Oil Construction Company»
Бас директоры

**Жаңа жыл
құтты болсын!**

**Құрметті әріптестер,
ардақты мұнайшылар!**

Сіздерді келе жатқан Жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! 2025 жыл «Oil Services Company» ЖШС ұжымы үшін маңызды өндірістік жетістіктерге, жауапты міндеттер мен табысты жобаларға толы болды. Әсіресе, ел экономикасының тірегі саналатын мұнай-газ саласында еңбек етіп жүрген мұнайшылардың қажырлы еңбегі мен кәсібилігі ерекше құрметке лайық.

Ұжымымыздың бірлігі мен мұнайшылардың табанды еңбегінің арқасында өндіріс процесінің тұрақтылығы қамтамасыз етіліп, еңбек қауіпсіздігі мен жұмыс сапасына айрықша көңіл бөлінді. Бұл – әрбір маманның жауапкершілігі мен адалдығының айқын көрінісі.

Алдағы жылы компаниямыз өз даму стратегиясын жүйелі түрде жалғастырып, өндірісті жаңғыртуға, заманауи технологияларды енгізуге дамытуға басымдық береді. Басты мақсатымыз – тұрақты даму, сенімді серіктестік және мұнай-газ саласындағы жоғары стандарттарды сақтау.

Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, барша әріптестеріме, соның ішінде ауыр да жауапты салада еңбек етіп жүрген мұнайшыларға шынайы алғысымды білдіремін. Сіздердің еңбектеріңіз – компаниямыздың табысты болашағының берік негізі.

Жаңа жылда баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, бейбіт өмір, еңбектеріңізге мол табыс тілеймін. Жаңа жыл жаңарған үміт пен жарқын жетістіктер жылы болсын!

Ізгі ниетпен,

Еснғалиев Ахмет Тыныштықұлы
«Oil Services Company» ЖШС
Бас директоры



ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ – ҰЖЫМ МҮШЕЛЕРІНЕ БЕРІЛГЕН БАҒА

Тәуелсіз Қазақстанның энергетикалық дамуында айрықша орны бар, мұнайлы түбектің мұнай-газ кешенінде көшбасшы саналатын «Маңғыстау-мұнайгаз» АҚ үшін сенімді серіктес болып келе жатқан, жуырда 30 жылдық мерейтойын атап өткен «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС – өндірістік қызметтерді жауапкершілікпен әрі сапалы атқаратын алдыңғы қатарлы компаниялардың бірі.

Ауызбіршілік пен кәсібилікті ту еткен ұжым 2018 жылдың сәуірінен бері 2700 күнді өндірістік жарақатсыз аяқтауы – еңбек қауіпсіздігіне басымдық берудің нақты нәтижесі. Серіктестік жыл сайынғы өндірістік іс-шараларын Тапсырыс берушілер талаптарына сай жүйелі түрде жоспарлап, қызмет көрсету сапасын және еңбек адамының қауіпсіздігін басты назарда ұстап келеді.

«МЭМ» ЖШС өзінің 2025 жылғы экономикалық – өндірістік стратегиялық жоспарын, Серіктестік қызметкерлерінің амандығы мен қауіпсіздігін, қолайлы еңбек жағдайын қамтамасыз ететін 2024-2027 жылдарға жасалған «Жол картасындағы» шараларды жауапкершілікпен орындады. Еңбек ұжымы «ҚМГ» ҰК АҚ жасақтаған энергетика саласын модернизациялау және қайта жабдықтау жоспарларын басшылыққа алып, өндірісте көптеген жаңартулар мен жөндеулер жүргізді, мысалы, Қаламқас, Жетібай кенорнындағы 6 кВ тарату пунктерінің май ауыстырғыштары релелік жабдықтар жиынтығының вакуумды түрімен толық ауыстырылды. Қазіргі жаһандық экономикалық қымбатшылық кезеңінің қиыншылықтары ұжымның бюджетіне әсерін тигізгенмен, Серіктестік ұжымы Тапсырыс берушілер алдындағы өндірістік міндеттерді жоспарға сәйкес орындауды зор жауапкершілікпен

атқарды. Қаржылық қиындықтарға қарамастан, Серіктестік өз міндеттемелерін толық орындап, өндірістік тұрақтылықты сақтап қалды.

Компания қызметі халықаралық ISO стандарттарына және API Spec Q2 талаптарына сай ұйымдастырылды, бұл Серіктестіктің беделін арттыра түсті. 2025 жылы ұжым мүшелері бірқатар салалық байқауларда жүлделі орындарға ие болып, 400-ден астам қызметкер кәсіби біліктілігін арттырды.

Сонымен қатар, экологиялық және әлеуметтік бастамалар аясында «Таза Қазақстан» бағдарламасы бойынша ағаш көшеттері отырғызылып, Жетібай базасында 64 орындық заманауи жатақхана пайдалануға берілді. Бұл – ұжым мүшелеріне қолайлы еңбек және тұрмыс жағдайын жасауға бағытталған маңызды қадам.

2025 жыл ішінде Серіктестік бөлімшелерінің өндірістегі атқарылған сапалы қызметтері, ұжым жұмысшылары арасында әлеуметтік тұрақтылықты сақтап, ұлттық тәрбиені дамытқан әлеуметтік, мәдени - көпшілік, ақпараттық шаралар мен қол жеткізген табыстар ұжымның ерен еңбегінің арқасы деп есептеймін.

2025 жылдағы ұжымның атқарылған кейбір шараларды баяндай отырып, барша өңір жұртшылығын, облыстың Энергетиктер қауымын және «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС барлық ұжым мүшелерін келе жатқан жаңа 2026 жылмен құттықтаймын. Өңіріміздің басты электр өндірушісі және мұнайлы өндірісті электрмен үздіксіз, сенімді жабдықтайтын, 30 жылдық тарихы бар компаниямыздың абырой - атағында ұжым ардагерлерінің сүбелі еңбектері және ұжым жұмыскерлерінің қажырлы еңбектері жатыр.



Сондықтан жаңа жыл қарсаңында баршаңыздың дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге толағай табыс тілеймін. Жаңа 2026 жылда ұжымның игі бастамаларын орындалуда сәттіліктер мен толағай табыстар молынан болсын деп тілек қосамын.

Косбаев Н.Р.
«Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС
Бас директоры

СЕРІКТЕСТЕРДЕН ЖЫЛЫ ЛЕБІЗ



Құрметті әріптестер!

Сіздерді келе жатқан Жаңа 2026 жылмен шын жүректен құттықтаймын! Өтіп бара жатқан жыл «Ойл Транспорт Корпорейшн» ЖШС үшін маңызды жетістіктерге, ауқымды жұмыстар мен жауапты міндеттерге толы болды. Компанияның тұрақты дамуы жолында әрбір қызметкердің кәсібилігі мен жауапкершілігі шешуші рөл атқарды.

Бірлескен еңбектің арқасында өндірістік көрсеткіштер жақсарып, жобалар жүзеге асырылып, қызмет көрсету сапасы мен еңбек қауіпсіздігі деңгейі артты. Бұл жетістіктер – ұжымның бірлігі мен ортақ мақсатқа деген адалдығының айқын көрінісі. Әрбір қызметкердің ортақ іске қосқан үлесін жоғары бағалаймын. Сонымен қатар, жол қозғалысы кезінде қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтау қажеттігін еске саламын.

2025 жылы автопарк айтарлықтай жаңартылып, Қаламқас пен Жетібай кен орындарына жалпы 120-дан астам арнайы және жүк көліктері, қызметтік техникалар берілді. Сонымен қатар, қызметкерлерді тасымалдау мен өндірістік қажеттіліктерді жедел қамтамасыз ету мақсатында TOYOTA маркалы пикаптар және 24 жолаушыға арналған қала маңындағы автобустар сатып алынып, пайдалануға берілді. Бұл өндірістік үдерістердің үздіксіз жүруіне және тасымалдау жұмыстарының тиімділігіне оң ықпал етуде.

2026 жылы Жетібай кен орнында өндірістік базаның құрылысы басталып, инфрақұрылымды дамытуға бағытталған маңызды жұмыстар кезең-кезеңімен іске асырылуда.

Келе жатқан Жаңа жыл баршаңызға зор денсаулық, отбасыңызға амандық, еңбектеріңізге табыс пен тұрақтылық әкелсін! Жаңа жыл жаңа мүмкіндіктер мен кәсіби жетістіктерге толы болсын!

Құрметпен,
Ускенов Сапар Көмекбайұлы
«Ойл Транспорт Корпорейшн» ЖШС
Бас директоры

Құрметті «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының ұжымы!

Сіздерді Жаңа 2026 жылмен шын жүректен құттықтаймыз!

Жаңа жыл сіздерге мықты денсаулық, ертеңгі күнге нық сенім, мұнай-газ саласының игілігі мен еліміздің өркендеуіне бағытталған жаңа кәсіби жетістіктер әкелсін.

2025 жылдың 9 айының қорытындысы біздің ортақ еңбегіміздің қаншалықты маңызды екенін тағы бір мәрте дәлелдеді. «Neiron-med» ЖШС Ақтау филиалы тәулік бойы Қоғам қызметкерлеріне, олардың отбасыларына, еншілес ұйымдар мен серіктес компанияларға – Ақтау қаласында да, Қаламқас және Жетібай кен орындарында да – медициналық қолдау көрсетуді жалғастыруда.

Осы кезеңде «ММГ» АҚ қызметкерлеріне он мыңдаған дәрігерлік қабылдау көрсетіліп, жүз мыңнан астам алдын ала медициналық тексерулер жүргізілді, қырық мыңнан астам зертханалық зерттеу орындалды. Бұл көрсеткіштер өндірісте еңбек етіп жүрген қызметкерлердің денсаулығын сақтауға бағытталған жүйелі жұмыстың бар екенін аңғартады. Диспансерлік есепте тұрған қызметкерлерге тұрақты бақылау жүргізіліп, созылмалы аурулардың асқинуының алдын алу бойынша мақсатты шаралар жүзеге асырылуда.

Халқымызда «Денсаулық – зор байлық», «Амандық – саулық, саулық – байлық» деп бекер айтылмаған:



қызметкерлер мен олардың отбасыларының денсаулығы – компанияның шын мәніндегі басты қазынасы. Сондай-ақ «Бірлік бар жерде – береке бар» дегендей, біз бірлесе әрекет еткенде, ауруларды уақытында емдеп қана қоймай, оларды алдын алуға да мүмкіндік туады, ең қымбат құндылық – адамдардың денсаулығын сақтаймыз. Сіздердің ынтымақтастығыңызға, сенімдеріңіз бен қолдауларыңызға, сондай-ақ күн сайын өндірістік объектілерде және Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінде атқарып отырған зор еңбектеріңізге шын жүректен алғыс айтамыз.

2026 жылы амбулаториялық-поликлиникалық көмекті одан әрі жетілдіруге, профилактикалық бағытты күшейтуге, диспансерлік бақылауды және көшпелі медициналық қызметтерді дамытуға күш саламыз. Біздің мақсатымыз – медициналық көмекті сіздер үшін және сіздердің отбасыларыңыз үшін одан да қолжетімді, уақтылы әрі нақты қажеттіліктерге барынша бағдарланған ету.

2026 жыл баршамыз үшін денсаулық, бірлік және жасампаздық жылы болсын!

Құрметпен,



Д.А. Бекиева
Ақтау қаласындағы
«Neiron-med» ЖШС филиалының
Бас дәрігері

Құрметті «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ ұжымы, ардақты мұнайшылар!

«Caspian Food» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ұжымы сіздерді Жаңа 2026 жыл мерекесімен шын жүректен құттықтайды!

Еліміз үшін парасат пен пайымға толы тағы бір жыл ХХІ ғасыр қойнауына енгелі тұр. Бірлік пен бейбітшілік, ырыс пен бақ-береке сыйлаған Жылан жылымен қоштасып, жаңа Жылқы жылымен қауышамыз.

Жаңа жылда біздің бірлескен жұмысымыз жемісті болсын! Өткен жылдың жемісті істері мен жеңісті сәттері алдағы 2026 жылда да жалғасын таба берсін!

Жаңа жыл әр адамға, әрбір отбасыға, жалпы, адамзат баласына ерекше бір көңіл-күймен қатар жаңа серпіліс, тың идея, жаңаша бағыт-бағдар әкелетін ерекше кезең. Жаңа жыл – өткен күнге есеп беріп, алдағы күнге мақсат-міндеттер айқындайтын шешуші сәт.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деп халқымыз айтқандай, жеткен жетістіктеріміз берекелі бірлігімізбен бірлесе атқарған еңбектің нәтижесі. Алдағы уақытта да талай игілікті істердің куәсі болатынымызға сенімдеміз.



Адам баласы жаңа Жылдан көп жақсылық күтеді, жаңа Жылға көп үміт артады, бәрі ақ пейілмен асығатын айрықша мереке. «Өткен жылға өкпе жоқ, жаңа жылдан үміт көп» дейді халқымыз. Армандарыңыз бен тілектеріңізге қосылып, біз Сіздерге алдағы Жылда бақытыңыз үстем болып, күш-қуатыңыз таусылмасын, қанатыңыз талмасын деп тілейміз.

Өткенге риза болып, жаңа Жылға бәріміз таза ниетпен, нық қадаммен аттап, Елімізбен бірге жаңа табыстарға жете берейік деген ниетпен Сіздерге зор денсаулық, еңбектеріңізге табыс, жаңа бастамалар тілеймін! Жаңа жыл тек игі жақсылықтардың, шаттық пен қуаныштың, ырыс пен берекенің жылы болсын.

Мерекелік ізгі ниетпен,

«Caspian Food» жауапкершілігі шектеулі
серіктестігінің ұжымы атынан

Қоғамдық тамақтандыру және әлеуметтік
қызмет көрсету басқармасының директоры
Исина С.Ж.



Құрметті әріптестер!

Жаңа жыл қарсаңында баршаңызды шын жүректен құттықтай отырып, абыроймен аяқталған тағы бір жемісті жылды артқа тастап, жаңа мүмкіндіктерге жол ашатын жарқын кезеңге қадам басқалы отырғанымызды зор қуанышпен атап өткім келеді.

Өтіп бара жатқан жыл мекемеміз үшін табысты, мазмұнды әрі маңызды жетістіктерге толы болды. Ұжымдық бірліктің, кәсіби шеберліктің және әрбір қызметкердің адал еңбегінің арқасында алға қойылған

бірқатар маңызды міндеттер ойдағыдай орындалып, жаңа белестер бағындырылды.

2025 жылы атқарылған негізгі жұмыстар мен жетістіктер

Жоспарланған өндірістік және әлеуметтік жобалар белгіленген мерзімде әрі сапалы жүзеге асырылды. Қызметкерлердің еңбек жағдайын жақсарту мен кәсіби дамуын қолдауға бағытталған ауқымды шаралар қолға алынды.

«Алып 2024-2025» жобасы аясында «Мұнай-телеком» ЖШС-нен алты жас маман қатысып, олардың екеуі Татарстан Республикасына, ал бір қызметкер Жапония еліне тағылымдамадан өтуге жолдама алды. Сонымен қатар жас мамандарымыз «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның еншілес мекемелері арасында өткен түрлі шараларға белсенді қатысып, Quiz ойындарында жүлделі орындарға ие болып, Астана қаласына жолдама жеңіп алды.

Спорттық жетістіктер де назардан тыс қалған жоқ. «Мұнайтелеком» ЖШС қызметкерлері 2025 жылы Маңғыстау облысы бойынша өткен футбол жарысында топ жарып, облыстық чемпионатта I орынды иеленді. Нәтижесінде Қазақстан Республикасының әуесқой командалары арасындағы 2025 жылғы футбол чемпионатына қатысу үшін Талдықорған қаласына жолдама алды.

Материалдық-техникалық базаны жаңарту бағытында да бірқатар маңызды жұмыстар атқарылды.

Қаламқас кен орнындағы орталықтандырылған өндірістік цех ғимараты толық жаңартылып, қызметкерлер үшін қолайлы әрі қауіпсіз жұмыс жағдайы жасалды. Ақтау қаласындағы бас кеңседе орналасқан серверлік бөлме мен ғимараттың шатыры жөндеуден өтті. Сонымен қатар Мұнайтелекомның өндірістік базасында батыс өңірінде алғаш рет сұйықтық есептегіштерді метрологиялық тексерістен өткізетін қондырғы орнатылып, іске қосылды.

Аталған жетістіктердің барлығы – әрбір қызметкердің тынымсыз еңбегінің, ортақ мақсатқа деген берік бірлігіміздің айқын нәтижесі.

2026 жылға арналған негізгі жоспарлар

Алдағы жылы қызмет сапасын арттыру, жаңа технологияларды енгізу, қауіпсіздік пен тиімділікті одан әрі күшейту басты назарда болады. Қызметкерлердің біліктілігін арттыруға бағытталған оқыту бағдарламаларын кеңейту, мекеменің тұрақты дамуын қамтамасыз ететін жаңа бастамаларды жүзеге асыру және ұйым ішіндегі өзара қолдауды нығайту негізгі басымдықтардың қатарында.

Жаңа жыл – жаңа жоспарлар мен жаңа үміттердің, тың жетістіктердің бастауы. Алдағы кезеңде де бірлігіміз бекем болып, еңбегіміз жемісті боларына сенім мол.

Жаңа жылыңызбен!

Нұртаза Ибрашев
«Мұнайтелеком» ЖШС
Бас директоры

МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ



ЕҢБЕК АДАМЫ – ЕЛ МАҚТАНЫШЫ

12 желтоқсан күні Ақтау қаласының 34-шағынауданында орналасқан «Достық үйі» ғимаратында «Жұмысшы мамандықтары жылы» аясында ұйымдастырылған «Еңбек адамы – ел мақтанышы» атты салтанатты шара өтті.

Маңғыстау облысы әкімдігінің ұйымдастыруымен өткен бұл тағылымды басқосудың басты мақсаты – өңір экономикасының түрлі салаларында адал еңбек етіп, ел дамуына елеулі үлес қосып жүрген еңбек әулеттері мен қарапайым жұмысшы мамандық иелерін ұлықтау, олардың еңбегіне қоғам назарын аудару болды.

Аталған шараға «Маңғыстау-мұнайгаз» АҚ «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасына қарасты пайдаланыстағы жабдықтарды прокаттау-жөндеу цехінің 6-разрядты электргазбен дәнекерлеушісі Жолдыжан Сақтапбергенұлы Шандиев те арнайы шақырылып, Маңғыстау облысы әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Жолдыжан Сақтапбергенұлы 1988 жылы орта кәсіптік-техникалық

училищені тәмамдап, екі жыл әскери борышын өтегеннен кейін, 1990 жылы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ға жұмысқа орналасқан. Содан бері ол «Жетібай-мұнайгаз» өндірістік басқармасында табандылықпен 35 жылға жуық еңбек етіп, кәсібіне адалдығы мен жоғары жауапкершілігінің арқасында әріптестері арасында зор құрметке ие болды.

Ұзақ жылғы қажырлы еңбегі еленіп, облыс әкімінің марапатына ие болған әріптесіміз – нағыз еңбек адамының жарқын үлгісі. Осындай қарапайым да маңдай терімен келген табанды еңбектің бағалануы – жас мамандарға үлкен өнеге.

Жолдыжан Сақтапбергенұлын жоғары марапатымен шын жүректен құттықтай отырып, оған зор денсаулық, еңбекте толағай табыс, отбасына бақ-береке тілейміз!

ЕҢБЕК ПЕН АДАЛДЫҚТЫҢ АЙҚЫН БЕЛГІСІ

Жуырда «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ-ның марапаттары екі бірдей әріптесімізге табысталып ұжым мерейін өсірді. Бұл - жылдар бойғы маңдай тер, табанды еңбек пен кәсіби адалдықтың лайықты жемісі деп білеміз.



Көптің құрметіне бөленіп, саланың еңсесін тіктеген қызметкерлеріміз – Элубаев Нұрлыбай Үсенұлы «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ естелік төс белгісімен, ал Әбдіқалықова Бибігүл Маршалқызы «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ басқармасының Алғыс хатымен марапатталды. Бірі – өндірістегі спорт пен салауатты өмір салтының шырақшысы болса, екіншісі – әлеуметтік саясаттың тірегіне айналған тәжірибелі маман.

Элубаев Нұрлыбай Үсенұлы – «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасының әлеуметтік мәселелер жөніндегі инженері. Мұнайлы өлкенің қатал табиғатына мойымай, 31 жыл бойы салада, оның ішінде компаниямызда 25 жылдан астам уақыт, табанды еңбек етіп келе жатқан Нұрлыбай Үсенұлы ұжымдағы спорт пен рухты серпілудің шын мәніндегі көшбасшысы.

Ол әріптестерінің бойындағы жігерді жанып, жеңіске деген сенімді қалыптастырып, жастарға тәзім мен тәртіптің, намыс пен бірліктің үлгісін көрсетіп келеді. Әрбір жаттығудың артында оның жанашыр жүрегі, әрбір

жеңістің түбінде оның ерен еңбегі бар десек, артық айтқандық емес.

Әбдіқалықова Бибігүл Маршалқызы – «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Әлеуметтік саясат департаментінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі жетекші маманы. 20 жылын компаниямызға арнаған 34 жылдық еңбек жолында ол тек маман ғана емес, талай қызметкердің үміті мен сенімінің алтын арқауына айналған тұлға.

Бибігүл Маршалқызының бастама-сымен жүзеге асқан әлеуметтік жобалар мыңдаған мұнайшының өміріне жылылық сыйлап, ұжым ішіндегі татулық пен тұрақтылықты нығайтуға қызмет етіп келеді. Ол – идеядан бастап нәтижеге дейінгі әрбір істі жүрек сүзгісінен өткізіп, үлкен жауапкершілікпен атқаратын білікті маман.

Бұл марапаттар – жеке тұлғалардың ғана емес, қызметтес әріптестерінің де абыройын айшықтаған мерейлі белес екені сөзсіз.

Марапат иелеріне мықты денсаулық, сарқылмас күш-жігер, отбасыларына бақ-береке, еңбектеріне табыс тілейміз!



«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Еңбек Ардагерлері қоғамдық бірлестігі 2023 жылдың 14 сәуірінде құрылып, қысқа мерзім ішінде зейнеткерлердің әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған бірқатар маңызды жобаларды жүзеге асырып келеді. Бірлестіктің негізгі мақсаты – компания ардагерлерінің әл-ауқатын арттыру және оларды әлеуметтік қолдау шараларын жүйелі түрде жолға қою.

2022 жылы ардагерлер қауымы зейнеткерлерге көрсетілетін қолдауды күшейту жөнінде бастама көтеріп, компания басшылығына ресми түрде өтініш жолдаған. Нәтижесінде 2023 жылғы ұжымдық келісімшартқа бірнеше маңызды әлеуметтік төлемдер енгізілді.

КОМПАНИЯ АРДАГЕРЛЕРІНЕ ҚОЛДАУ: 2025 ЖЫЛҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Атап айтқанда:

- ◆ Наурыз мейрамына – 20 АЕК,
- ◆ Халықаралық әйелдер күніне – 20 АЕК,
- ◆ Мұнайшылар күніне – 20 АЕК,
- ◆ Тәуелсіздік күніне – 20 АЕК,
- ◆ Ай сайынғы сыйақы мөлшері – 2 АЕК-тен 4 АЕК-ке артты.

Бұл жаңалықтар зейнеткерлердің жағдайын жақсартып, ардагерлер тарапынан үлкен алғысқа ие болды.

2025 жылы аз қамтылған және мұқтаж зейнеткерлерге дәрі-дәрмек сатып алу шығындарын өтеуге арналған қаржылай көмек көрсетілді. Бұл – қоғамның әлеуметтік жауапкершілігінің нақты көрінісі.

Ардагерлер үшін Алғыс айту күні, Қарттар күні және түрлі мерекелер аясында мәдени-көпшілік шаралар ұйымдастырылып, концерттерге тегін қатысу мүмкіндігі жасалды.

Қарттар күні қарсаңында компания қолдауымен Тобықты өңіріндегі Бекет Ата мешітіне зиярат сапары ұйымдастырылып, 40-қа жуық зейнеткер қасиетті орындарға барып қайтты.

Сонымен қатар, «Маңғыстау-мұнайгаз» АҚ қолдауымен 77 зейнеткер Ақтау қаласындағы шипажайда ем қабылдап, денсаулықтарын нығайтты.

Қоғамдық бірлестік зейнеткерлердің бір-біріне қолдау көрсету жүйесін қалыптастыру бағытында да жұмыс жүргізіп жатыр. Жарна жинау арқылы тұрмысы төмен ардагерлерге дәрі-дәрмек және қажетті құрал-жабдықтармен көмектесу ұсынысы зейнеткерлер тарапынан қолдау тапқан.

Ардагерлердің өмірлік тәжірибесін жастарға насихаттау мақсатында 2025 жылы облыстың орта және жоғары оқу орындарында, мектептерде, сондай-ақ Жетібай мен Қаламқас кен орындарында жұмысшы мамандықтарының беделін арттыруға бағытталған кездесулер де өткізілді.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Еңбек Ардагерлері қоғамдық бірлестігі жүргізіп отырған жұмыс – ардагерлерге деген құрметтің, әлеуметтік қолдаудың және ұрпақтар сабақтастығына деген жауапкершіліктің нақты дәлелі. 2025 жылы атқарылған іс-шаралар ардагерлердің

өмір сапасын жақсартуға елеулі үлес қосты және бұл бағыттағы жұмыс алдағы уақытта да жалғасын табады деп сенеміз.

Ардагерлер қауымы әркез өндірістегі жас мамандар мен қызметкерлердің еңбегін жоғары бағалап, бүгінгі жетістіктердің жалғасын көріп қуанады. Біздің жолымызды жалғап, компанияның өркендеуіне үлес қосып келе жатқан барша әріптестерге алғыс айтамыз.

Жаңа жыл баршаңызға мол табыс, еңбекте қауіпсіздік, отбасыларыңызға амандық, денсаулық және жаңа жетістіктер әкелсін!

Материалдық және рухани байлық артып, «Маңғыстаумұнайгаз» ұжымы жаңа биіктерді бағындыра берсін.

Бірлікті бекем ұжымның жұмысы жемісті болып, ел экономикасына қосқан үлесі арта түссін!

Тұрарбек Ахметов

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ еңбек ардагерлерінің қоғамдық бірлестігі қорының төрағасы

АО «МАНГИСТАУМУНАЙГАЗ»: ИНВЕСТИЦИИ В ЧЕЛОВЕЧЕСКИЙ КАПИТАЛ

В АО «Мангистаумунайгаз» продолжается работа по развитию человеческого капитала – повышению квалификации, знаний и навыков работников для обеспечения экономического роста и повышения производительности. Инвестиции в образование и создание условий для личностного роста являются одним из ключевых элементов развития компании.

С 11 по 21 ноября 2025 года в Токио (Япония) проходила международная программа обучения, организованная Japan Cooperation Center for Petroleum and Sustainable Energy (JCCP). Программа была посвящена развитию человеческого капитала, лидерству и изучению передовых HR-практик в ведущих японских компаниях.



Единственным представителем Казахстана среди 15 участников стал начальник отдела кадрового дела-производства ДУПиОТ АО «Мангистаумунайгаз» Бауыржан Курманбаев. Его участие позволило представить отечественные HR-практики на международной площадке и получить уникальный опыт, основанный на японских подходах к развитию персонала.

В ходе обучения наш коллега посетил компанию OMRON (г. Киото), где была продемонстрирована корпоративная философия и система долгосрочного развития сотрудников; Нефтеперерабатывающий завод Idemitsu Chiba Complex (г. Токио), который познакомил участников с системой подготовки и найма кадров, обеспечением промышленной безопасности, а также подробно продемонстрировал весь производственный процесс; а также компанию Deloitte Tohmatsu LLC (г. Токио), которая представила

тенденции будущего рынка труда, влияние цифровизации на компетенции сотрудников, а также показала, как компания внедряет искусственный интеллект в различные рабочие процессы для повышения эффективности и аналитических возможностей.

По итогам обучения Бауыржан Курманбаев отметил высокий уровень организации JCCP и практическую пользу от приобретенных знаний. Полученный уникальный опыт будет использован для дальнейшего развития систем управления человеческим капиталом в АО «Мангистаумунайгаз».

Ранее, летом 2025 года, в международном тренинге по управлению проектами в нефтегазовой сфере (JCCP, Токио, Япония) участвовал начальник Службы внутреннего аудита АО «Мангистаумунайгаз» Дамир Сулейманов, который в ходе поездки посетил крупнейшие японские компании, расположенные в таких городах как Токио, Йокогама, Саппоро.

Тренинг был посвящен современным подходам к управлению проектами в нефтегазовой индустрии и предоставил возможность изучить передовые японские практики планирования, реализации и контроля крупных промышленных проектов, а также методологии оценки проектных рисков и эффективности.

Международный формат мероприятия создал благоприятные условия

для обмена опытом, обсуждения отраслевых вызовов и поиска эффективных решений в сфере проектного управления.

Новые знания и навыки Дамир Сулейманов планирует применять в деятельности внутреннего аудита АО «Мангистаумунайгаз» для совершенствования оценки проектных процессов, усиления анализа рисков, повышения качества мониторинга реализации будущих инвестиционных проектов и внедрения лучших международных практик.

Начальник отдела поставок Департамента маркетинга и сбыта нефти Арман Сатбеков принял участие в международной образовательной программе в Японии (JCCP) по теме «Petroleum Distribution».

Программа включала лекции, посещения производственных объектов и заводов Eneos Negishi Refinery, Eneos Gas Station, Eneos Ichikawa Deposit Tank, Tatsuno Yokohama Factory, обмен опытом с ведущими специалистами и практическое изучение современных технологий распределения нефти в таких городах, как Токио, Хиросима, Кобе и Ичигава.

В ходе визита были изучены технологии морской транспортировки нефти на судах класса VLCC, передовые решения компании Kawasaki Heavy Industries (KHI), включая водородную энергетику, оборудование для заправочных комплексов и систем распределения топлива, и многое другое.

Полученный опыт позволит внедрять лучшие практики в области поставок нефти и повышать эффективность распределения нефтепродуктов.

Стоит отметить, что для участия в данных международных образовательных проектах наши коллеги сначала прошли строгий конкурсный отбор среди работников дочерних компаний АО «НК «КазМунайГаз».

Японский центр сотрудничества в области нефти и устойчивой энергетики (Japan Cooperation Center for Petroleum and Sustainable Energy, JCCP) был основан в ноябре 1981 года с целью развития дружеских отношений между нефтедобывающими странами и Японией, а также содействия обеспечению стабильных поставок нефти в Японию посредством технического сотрудничества и обмена персоналом в секторах переработки и сбыта нефтяной промышленности.

АО «НК «КазМунайГаз» сотрудничает с JCCP и ранее уже осуществлял стажировки в Японии. Ежегодно JCCP принимает на обучение 10–15 работников Группы компаний КМГ по различным направлениям деятельности: от добычи, разведки, переработки и маркетинга до управления HR.

В ходе обучения работники АО «Мангистаумунайгаз» не только приобрели бесценный опыт и знания, но и посетили ведущие производственные компании Японии, а также ознакомились с богатой культурой и историей Страны восходящего солнца.

Наши коллеги выражают искреннюю благодарность Правлению АО «Мангистаумунайгаз» за поддержку и возможность пройти обучение в Японии, а также признательность АО «НК «КазМунайГаз» и JCCP. Весь полученный опыт они намерены использовать для дальнейшего развития компании путем применения новых знаний и навыков.



«ЖЕТІБАЙМҰНАЙГАЗ» ӨНДІРІСТІК БАСҚАРМАСЫНДА ЖАҢА ӨНДІРІСТІК НЫСАНДАР ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның «Жетібай-мұнайгаз» өндірістік басқармасына қарасты «Шығыс Жетібай» кен орнында Модульді компрессорлық станция (МКС-86,8/1,6-43) іске қосылды.

«Асар-1» топтық қондырғысынан шыққан ілеспе мұнай газы газ құбыры арқылы МКС-қа жеткізіліп, ондағы сығымдау, өңдеу және механикалық қоспалар мен тамшы ылғалдан тазарту процесінен кейін көгілдір отын Ақтау–Жаңаөзен магистральдық газ құбырына түседі. Одан әрі газ Қазақ газ өңдеу зауытына (ҚазГӨЗ) тасымалданады.

Бүгінгі күні МКС-қа түсетін және өңделетін газ көлемі тәулігіне 93–95 мың м³ құрайды, және әзірге – қысқы кезеңде – көгілдір отын Жетібай кен орнының өз қажеттіліктері үшін пайдаланылады. Болашақта МКС-тың жобалық қуаты тәулігіне 200 мың м³-ке дейін арттырылады: газдың негізгі көлемі ҚазГӨЗ-ге тасымалданады.

Айта кету керек, бұл жобаның маңызды әлеуметтік маңызы бар, себебі ҚазГӨЗ Маңғыстау облысына сұйытылған газдың негізгі жеткізушісі болып табылады.

МКС құрылысына «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлерімен бірге мердігер ұйымдардың мамандары – «Достық Вест» ЖШС, «МЭМ» ЖШС, «ОСС» ЖШС – белсенді қатысып, жобаның табысты іске асуына елеулі үлес қосты.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ өндірістік көрсеткіштерді жақсарту және мұнай өндіру тиімділігін арттыру мақсатында жабдықтарды жаңғырту мен техникалық базаны жаңарту жөніндегі жүйелі жұмыстарды жалғастырады.

Асар кен орнында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасында су жинау, сақтау және босату көлемі 2000 м³ болатын резервуарларымен бірге күшейткіш насос станциясы (КНС) пайдалануға берілді.

Күшейткіш насос станциясының құрылысы Шығыс Жетібай және Асар кен орындарында қабат қысымын ұстап тұру жүйесінде альбсеноман суына деген қажеттіліктің артуына байланысты жүзеге асырылды.

Қазіргі уақытта КНС тәулігіне 11 880 м³ су айдауды қамтамасыз етіп отыр, бұл жобада көзделген нормативтік көрсеткіштерге толық сәйкес келеді.

Күшейткіш насос станциясын пайдалануға беру Асар және Шығыс Жетібай кен орындарында қабат қысымын ұстап тұру жүйесіне судың тұрақты әрі сенімді жеткізілуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Резервуарлардың болуы су қорын қалыптастырып, жүктеменің шарықтау кезеңдерінде және су жеткізуші құбырда болуы мүмкін авариялық жағдайларда үзілістер қаупін төмендетеді. КНС-тің қолданыстағы кәсіпшілік нысандарға жақын орналасуы оны пайдалану мен қызмет көрсетуді ыңғайлы етіп, қосымша коммуникациялар салу қажеттілігін барынша азайтады.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ инфрақұрылымның сенімді қызмет етуін арттыруға және мұнай өндіру тиімділігін ұлғайтуға бағытталған қолданыстағы қуаттарды жаңғырту және жаңа өндірістік нысандар салу бойынша жұмыстарды жалғастырады.



ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЛАРЫН ЖАҚСARTУ ЖОБАЛАРЫ ЖАЛҒАСУДА

«Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының мұнайшылары, жаңадан пайдалануға берілген слесарлық ғимараттарға орналасты.

Естеріңізге сала кетейік, Жетібай кен орнында, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларды жақсарту және Жол картасын іске асыру аясында, өндірістік нысандарда орналасқан жеті слесарлық ғимарат салынды: ТҚ-13, ГДТЖГШПЦ, ТҚ-18, ТҚ-17, ТҚ-1, БШСС-4, МГӨЦ-3 базасы.

Мұнайшылар үшін қауіпсіз еңбек етуге және жайлы тұрмысқа барлық жағдай жасалуда.

Слесарлық және құрастыру-жөндеу жұмыстарына арналған

өндірістік бөлім верстактармен, қысқыштармен, жүк көтергіш механизммен және қажетті құралдармен жабдықталған. Тұрмыстық блокта демалыс бөлмесі, душ, дәретханалар, жылыту жүйесі бар шкафтары бар шешінетін бөлмелер, және басқа да қажетті жайлар бар.

2026 жылы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсарту жұмыстары жалғасын табады.

ЖАҢА ЖЫЛ ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ЖАҢА ЖАЙЛАР

Жаңа жыл қарсаңында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның Қаламқас кен орнында бір мезетте төрт бірдей өндірістік-тұрмыстық кешен (ӨТК) пайдалануға берілді.

№41 (1-МГӨЦ), №53 (2-МГӨЦ), №20 (4-МГӨЦ) және №5 (3-МГӨЦ) базалық топтық қондырғылар аумағында салынған заманауи талаптарға толықтай сай жаңа нысандар жұмысшылардың қауіпсіз әрі жайлы еңбек етуі үшін барлық қажетті жағдайлармен қамтамасыз етілген.

ӨТК екі блоктан – өндірістік және тұрмыстық бөліктен тұрады. Өндірістік бөлікте жүк көтергіштігі 1 тоннаға дейінгі қол тізбекті таль, слесарлық үстелдер және құрал-саймандарды сақтауға арналған арнайы бөлмелер бар. Ал тұрмыстық бөлікте ыңғайлы киім ауыстыратын бөлмелер, жуынатын душ кабиналары, санитарлық тораптар мен демалыс бөлмелері қарастырылған.

Қаламқас мұнайшылары үшін бұл – тек жаңа ғимараттар ғана емес, сонымен қатар тұрақтылыққа деген сенім, өндірістің жүйелі дамуының айқын көрінісі, аяқталып келе жатқан жылдың жарқын қорытындысы әрі келер жылдың сенімді бастауы.



Аталған нысандардың құрылыс жұмыстарына «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ мамандарымен қатар «Аманат» ЖШС және «Нұрболат» ЖШС мердігер ұйымдарының қызметкерлері де атсалысты.

2026 жылы мұнайшылардың өндірістік және әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын жақсарту, кен орындарының инфрақұрылымын жаңарту жұмыстары жалғасып, еңбек қауіпсіздігі мен жайлылық деңгейін арттыруға, сондай-ақ өндірістің тұрақты әрі тиімді дамуын қамтамасыз етуге бағытталатын болады.



ӨРТ-ТАКТИКАЛЫҚ ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ӨТТІ

12 желтоқсанда «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның қауіпсіздік және еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау департаментінің өрт қауіпсіздігі тобының ұйымдастыруымен Ақтау қаласы, 6-шағынауданда орналасқан әкімшілік ғимараттың бас кеңсесінде жоспарлы өрт-тактикалық оқу-жаттығу өткізді.

Оқу-жаттығуға Маңғыстау облысы Төтенше жағдайлар департаментінің өрт сөндіру және авариялық-құтқару қызметі жұмылдырылды. Арнайы техникалар мен жеке құрамның қатысуымен өткен шара штаттық жағдайға барынша жақын ортада ұйымдастырылып, өрт орын алған кездегі жедел әрекет ету дағдыларын пысықтауға бағытталды.

Оқу-жаттығудың негізгі мақсаты – өртті сөндірудің дұрыс тактикасын қалыптастыру, адамдарды қауіпсіз жерге көшіру алгоритмін жетілдіру, зардап шегушілерді құтқару тәсілдерін үйрету және қызметкерлердің өрт қауіпсіздігі саласындағы біліктілігін арттыру болды. Сонымен қатар бұл жаттығу жеке құрам үшін тактикалық іс-қимылдарды тәжірибе жүзінде орындап, төтенше жағдай кезіндегі

әрекет ету шеберлігін шыңдауға жақсы мүмкіндік берді.

Өрт сөндіру оқу-жаттығуы өз мақсатына толық жетіп, жоғары деңгейде ұйымдастырылғаны атап өтілді. Шара барысында барлық бөлімшелер үйлесімді жұмыс атқарып, өздеріне қойылған тапсырмаларды сәтті орындады.

Осындай оқу-жаттығулар қауіпсіздік мәдениетін нығайтуға, қызметкерлердің жылдам әрі дұрыс шешім қабылдау қабілетін арттыруға және төтенше жағдайлардың алдын алуға зор үлес қосатыны белгілі. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ алдағы уақытта да еңбек және өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастырмақ.

ҚЖЕҚ, ҚОҚД Өрт қауіпсіздігі тобы

АЛЫПТЫҚТАР: ӘЗІРБАЙЖАНДАҒЫ ТӘЖІРИБЕ

2025 жылғы 1–5 желтоқсан аралығында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еншілес кәсіпорындарынан он үш жұмысшы Әзербайжан Республикасындағы SOCAR компаниясында өндірістік тәжірибеден өтті. "Алып" бағдарламасының қатысушылары болып табылатын біздің алты әріптесіміз үшін шара халықаралық деңгейде білім мен тәжірибе алмасудың бірегей мүмкіндігі болды.



Бағдарлама барысында қатысушылар мұнай мен газды өндіру, жинау және тасымалдау процестері жүзеге асатын мұнай-газ өндіру алаңдарының жұмысымен танысты. Сондай-ақ ұңғыларды тиімді пайдалану, екінші реттік бұрғылау әдістері және өндірістік бақылау жүйесінің ұйымдастырылуы жөнінде жан-жақты ақпарат алды.

Тәжірибенің бір бөлігі монтаждық және жөндеу шеберханаларында өтті. Мұнда мамандар редукторларды жинау және орнату технологиясын меңгеріп, жабдықтың цехтық әрі далалық жағдайда қолданылу ерекшеліктерімен танысты. Сонымен қатар қабаттарды зерттеу мен игеруде маңызды рөл атқаратын сорғы станцияларының жұмыс принциптері көрсетілді.

Жұмысшы мамандықтар жылы аясында ұйымдастырылған шара ҚазМұнайГаз жүйесіндегі жас және тәжірибелі мамандардың кәсіби деңгейін арттыруға, сондай-ақ Қазақстан мен Әзербайжан арасындағы салалық ынтымақтастықты нығайтуға ықпал еткені сөзсіз. Жиналған білім мен тәжірибе отандық мұнай-газ саласының дамуына өз үлесін қосары сөзсіз.



АУҚЫМДЫ КӨГАЛДАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗДІ

«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында қоршаған ортаны қорғау және аумақтарды көгалдандыру бағытындағы кешенді іс-шараларды жүйелі түрде жүзеге асырып келеді. Компания үшін бұл бастамалар табиғатты сақтауға деген жауапкершіліктің және экологиялық мәдениетті қалыптастыруға қосқан нақты үлестің айқын көрінісі болып табылады.

Аталған акция аясында 2025 жылдың 3–4 желтоқсан күндері республикалық Ақтау – Атырау автожолының бойындағы қоршалған аумақта, Жетібай елді мекеніне қарай орналасқан «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының маңында ауқымды көгалдандыру жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде бұл аумақта 2 000 түп айлант және катальпа ағаш көшеттері отырғызылды. Таңдалған ағаш түрлері Маңғыстау өңірінің құрғақ әрі желді климатына бейімделген.

Сонымен қатар «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы шеңберінде Қаламқас кен орнында да кең көлемді көгалдандыру жұмыстары қолға алынды. Ағымдағы жылдың 8 желтоқсанынан бастап кен орны

аумағында 2 000 түп айлант және катальпа көшеттері отырғызылуда. Бұл шара өндірістік аумақтың экологиялық жағдайын жақсартуға, шаң-тозаңның азаюына және табиғи тепе-теңдікті сақтауға бағытталған маңызды қадам болып отыр.

Жалпы алғанда, компания жоспарына сәйкес биыл 4 500 түп ағаш отырғызу көзделген. Оның ішінде 2 000 түп ағаш Қаламқас кен орнында, 2 000 түп — автожол бойындағы аумақта, ал 500 түп көшет Ақтау қаласындағы нысандарда егілетін болады. Бұл бастамалар автожол бойында «жасыл белдеуді» қалыптастыруға, ауаның сапасын жақсартуға және жергілікті тұрғындар үшін қолайлы экологиялық орта жасауға мүмкіндік береді.



Айта кету керек, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Басқармасы экологиялық бастамаларды дамытуға және қоғамда экологиялық мәдениетті нығайтуға бағытталған арнайы іс-шаралар жоспарын бекіткен. Бұл жоспардың негізгі міндеттерінің бірі — көгалдандыру арқылы табиғатты қорғауға және өңірдің экологиялық жағдайын жақсартуға үлес қосу.

Компания үшін көгалдандыру жұмыстары бір реттік акциямен шектелмейді. Бұл — қоршаған ортаны қорғауға деген жүйелі әрі ұзақ мерзімді ұстанымның нәтижесі. Алдағы уақытта да «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ табиғатқа оң әсер ететін экологиялық жобаларды жалғастыруды көздеп отыр.

Экологиялық акцияға белсене қатысып, игі іске өз үлесін қосқан барлық қызметкерлер мен еріктілерге шынайы алғысымызды білдіреміз. Таза, жасыл және тұрақты болашаққа бастар қадамдарымыз көп болсын!



ҚАЛАМҚАСТА ӨТКЕН «MMG CUP» ТУРНИРИ ӨЗ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

4–6 желтоқсан күндері «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының Қаламқас кенорнындағы спорт кешені ерекше атмосфераға толды. Осы күндері мұнай және сервистік компаниялар командалары арасында дәстүрге айналған футболдан «MMG CUP» турнирі өтіп, алаңда нағыз спорттық рух пен бәсекелестік қызды.

Турнирге қатысқан 12 команда арасында тартысты өткен ойындар көрермендерді бейжай қалдырмады. Әр матчта командалар жоғары дайындық, шапшаңдық және командалық үйлесімділіктерін көрсете білді. Жанкүйерлер де өз командаларын жігерлендіріп, әрбір дәл пас пен әр соғылған голды ерекше ықыласпен қабылдап отырды. Турнир барысы футбол мерекесіне айналып, спорт кешені үнемі қошемет пен қолдау дауысына толы болды.

Үш күнге созылған жарыс нәтижесінде жеңімпаздар анықталды:

Турнир қорытындысы:

- 1-орын – «Қаражанбасмұнай» АҚ
- 2-орын – «ҚазТрансОйл» АҚ
- 3-орын – «Қаламқасмұнайгаз-2»

Командалар арасындағы тартыс жеке шеберлерді де айқындады. Турнирдің үздік ойыншылары төмендегідей атанды:



Үздік ойыншы – Қасым Қылыш («Қаражанбасмұнай» АҚ)
Үздік қақпашы – Ринат Серкебаев (АО «ҚазТрансОйл» АҚ)
Үздік қорғаушы – Ақжол Базарбай («Қаламқасмұнайгаз-2»)

Жүлдегерлер кубоктармен, медальдармен және арнайы сыйлықтармен марапатталды. Ал қатысушы командалар мен жанкүйерлер алдағы жылы өтетін турнирді асыға күтетіндерін жеткізді. Футзалдан өткен «MMG CUP» жарысы еңбек ұжымының бірлігін күшейтіп, компаниядағы бұқаралық спортты дамытуға серпін беретіні сөзсіз.

ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІНЕ АРНАЛҒАН ДӘСТҮРЛІ ТУРНИРЛЕР ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕ ӨТТІ

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ кәсіподақ комитетінің ұйымдастыруымен Жетібай және Қаламқас кен орындарында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік күніне арналған шағын футбол және волейболдан дәстүрлі турнирлер өтті.

Ұжымдар арасындағы спорттық бәсекелер жоғары деңгейде ұйымдас-тырылып, жарыстар командалардың жеңіске деген жігері мен жанкүйер-лердің қызу қолдауы арқасында нағыз тартысқа толы болды. Әр команда өз шеберлігін танытып, нәтижесінде үздіктер анықталды.

Жетібай кен орны

Шағын футбол

I орын – №1-МГӨЦ

II орын – ҚҚҰЦ

III орын – №3-МГӨЦ

Үздік қақпашы – Бердіжанов Аманжол (№3-МГӨЦ)

Үздік ойыншы – Қазиев Нұрбек (№1-МГӨЦ)

Үздік қорғаушы – Ораз Елдос (ҚҚҰЦ)

Волейбол

I орын – №1-МГӨЦ

II орын – №3-МГӨЦ

III орын – №2-МГӨЦ

Үздік либеро – Садақбай Нұртілек (№2-МГӨЦ)

Үздік ойыншы – Мұратбаев Ержан (№1-МГӨЦ)

Үздік байланыстырушы – Бибітова Ақмарал

Қаламқас кен орны (I вахта)

Шағын футбол

I орын – ГӨДЖТЦ

II орын – МКЖӨҚКЦ

III орын – ҚҚҰЦ



Үздік қақпашы – Бактөреев Жанаман (МКЖӨҚКЦ)

Үздік қорғаушы – Әминов Бексұлтан (ҚҚҰЦ)

Үздік ойыншы – Ахат Бауыржан (ГӨДЖТЦ)

Волейбол

I орын – ҚҚҰЦ

II орын – №2-МГӨЦ

III орын – №4-МГӨЦ

Үздік ойыншы – Қалиев Амангелді (ҚҚҰЦ)

Үздік либеро – Ризбаев Руслан (№1-МГӨЦ)

Үздік байланыстырушы – Еңсегенов Ерлан (№4-МГӨЦ)

Қаламқас кен орны (II вахта)

Шағын футбол

I орын – ҚҚҰЦ

II орын – №4-МГӨЦ

III орын – №2-МГӨЦ

Үздік қақпашы – Шаукеров Болатбек (КМДЖАЦ)

Үздік шабуылшы – Әбілше Жансерік (№4-МГӨЦ)

Үздік қорғаушы – Алдашев Ардақ (№2-МГӨЦ)

Волейбол

I орын – №2-МГӨЦ

II орын – №1-МГӨЦ

III орын – Ардагер

Үздік шабуылшы – Жалмағанбетов Әділбек (№3-МГӨЦ)

Үздік либеро – Мәдеш Жасұлан (№2-МГӨЦ)

Үздік байланыстырушы – Шамшадин Ерлан (№4-МГӨЦ)

Аталған турнирлер цехтер ұжымдары арасындағы достықты нығайтып, салауатты өмір салтын насихаттауға, қызметкерлердің бос уақытын тиімді ұйымдастыруға бағытталды. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер кәсіподақ комитетінің арнайы дипломдары мен бағалы сыйлықтарымен марапатталды.